



Менің мамандығым – менің
болашағым.



«Дұрыс таңдалған мамандық –
болашағыңды жарқын етер..»

«Кәсіп таңдау-тек қана
болашаққа үңілу емес, ол
өзіңнің ішкі жан-дүниенің
үңілу...»

Сергіту жаттығуы:
«Мамандықтар тізбегі».




«Қандай мамандық?»

- Шарты: Әр мамандыққа сәйкес іс-әрекеттер оқылады, қатысушылар қандай мамандыққа қатысты іс-әрекеттер екендігін анықтайды.



«Мамандықты тап» (ойын)

- карточкаларға жазылған мамандықтар таратылады, ал сіздер сол мамандықтарды ыммен көрсетуге тырысуларыңыз керек




«Ең-ең...» (ойын).

- **Шарты:** Ортаға 9 ойыншы шығады. Сұраққа әзіл-шыны аралас жауап бересіздер. Ойын көңіл сергітуге арналған



«Мамандық таңдауда ұстанатын ережелер:

- Мектептегі оқу пәндері- нақты мамандық емес. Пәнге деген қызығушылық оған байланысты жұмыстың ұнайтынын білдірмейді.
- Қалаған мамандықтың мазмұнына көңіл аудару.
- Егер мамандық сенің досыңа, ата-анаңа ұнаса, саған ұнайды деген қорытынды жасауға болмайды.
- Мамандықтың мазмұны, қызықты қырлары, жұмыс тәртібі мен жағдайы туралы сұрақтарға жауап бере алғанда ғана сенің таңдаудағы ой-ниетің салмақтана түспек.
- Сән қуып, мамандық таңдаудық қажеті жоқ. Оқуды тәмамдап, жұмыс істегенше, ол мамандық сәннен шығып қалуы мүмкін.
- Алдағы өмірлік жоспарың қандай болмасын, шетел тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істеуді игерген аса пайдалы.
- Заманның ағымына қарай кейбір мамандықтар тез ескіріп, оның орнын жаңа мамандықтар басып жатыр. Сондықтан кез келген жағдайда қосалқы таңдаған мамандық болу керек.
- Мүмкіндігінше таңдаған мамандықтың өзіңнің денсаулық жағдайыңа тура келетін- келмейтіндігі жөнінде кеңес алған жөн.



*Әр адам табиғатына біткен
қабілетіне, ыңғайына,
зеректігіне қарай өз орнында
қызмет етсе, сонда
табылады...*

Ж.Аймауытов.

Қай мамандыққа лайықпыз?

Дәрігер

Жанашыр

Ішкі түйсігі
мол

Жауапкер

Дәлдік

жинақылық

Жан-жақты

Білімді

Мейірімді

Ақылды

Сабырлы

жайдарлы

Мұғалім

Балажан

Жанашыр

Білімді

Шыдамды

Тапқыр

Тәрбиелі

Мәдениетті

Тілтапқыш

Елгезек

Жан-жақты

Қайырым-

ды

Юрист

Әділ

Тәртіпті

Озық ойлы

Тиянақты

Жауапты

Адал

Жинақы

Тілтапқыш

Интуиция

Экономист

Есептегіш

Шыдамды

Білімді

Тапқыр

Жауапты

Жүйелі

Дәл

тиянақты

Әскери

қызметкер

Тәртіптілік

шешімділік

Жинақылы

Ержүрек

Батылдық

Патриот

Техника

мен қару

туралы

білуі

қырағы

Ортақ қасиеттер

- Адам өзінің мамандығының кәсіби маманы болу үшін барлық мамандыққа ортақ қасиеттерді де білу керек! Ол қандай ортақ қасиеттер?
Алдарыңыздағы қағазға 1-2 ортақ қасиеттер жазу.

Демалыс сәті

- Қандай мамандық иесі болмасын бір сәт болсын табиғатпен байланысты үзбеу керек.
- Табиғаттың кез-келген бейнесі сіздің жаныңызды рахатқа бөлейтінін ұмытпаңыз.
(Бейнеролик “Аққулар биі”)

Е.А.Климовтың сызбанұсқасы бойынша мамандықтың формуласын табыңыздар

Жіктелу белгісі	Еңбектің түрі мен сипаты				
	Т	Қ	А	Б	К
Еңбек бағыты (мамандықтар типтері)	Т Адам-техника	Қ Адам-қоршаған орта	А Адам-адам	Б Адам-белгілер жүйесі	К Адам-көркем образ
Еңбек мақсаты (мамандықтар класы)	Г Гностикалық (анықтау, бағалау, түсіну, тексеру, айыру, тану)	Ө Өзгерту (өзгерту, реттеу, ұйымдастыру, әсер ету, қызмет ету, қайта жасау)		І Іздеу (табу, ойлап табу, жаңа шешімін табу)	
Еңбек құралдары (мамандықтар топтары)	Қ Қолмен істелетін	М Механикаландырылған		А Автоматтандырылған	Ф Функционалды
Еңбек жағдайына байланысты (мамандықтар топтары)	м Моральдық жауапкершілікті жоғары деңгейде талап етеді	е Ерекше еңбек жағдайы		т Тұрмыстық жағдайда	а Ашық аспандағы жұмыс

«Неге арналсаң, соны істе!».





- Әр адамның мәліметті қабылдап, шешім шығаруы оның қандай психологиялық типке жататындығымен байланысты болады. Адамдар **экстравертті** немесе **интровертті**, **сенсорлы** немесе **интуитивті**, **ойшыл** немесе **сезімтал**, **жоспарлаушы** немесе **қабылдаушы** болып келеді. Ал, әрқайсымыздың қандай психологиялық типке жататынымызды «сандық кәсіптік бағыт беру тесті» бойынша анықтап көрелік.

- 1. Сіздің жұмыс қабілетіңіз үнемі бір қалыпты (анық себептерге ғана байланысты өзгереді)**
 - 2. Сіздің жұмысқа қабілетіңіз көңіл-күйге қарай өзгеріп отырады.**
 - 3. Келеңсіз жағдайлар мен дау –жанжалдардан себеп іздеп әуре болмайсыз.**
 - 4. Жақсы қарым-қатынасты бұзып алмас үшін келісімге келе саласыз, жақсылыққа, өзгерістерге ұмтыласыз.**
 - 5. Сіз- реалист адамсыз. Бос қиялды ұнатпайсыз, өзіңізге сенімді, ісіңізге берік адамсыз.**
 - 6. Болашақты елестете білесіз, өткенді жиі еске аласыз, жақсылыққа, өзгерістерге ұмтыласыз.**
 - 7. Ұстамдысыз, әр нәрсенің соңын күтесіз. Қарым-қатынаста бастамашылық көрсете алмайсыз.**
 - 8. Жаңа адамдармен тез тілтабысып кетесіз.**
- Таныстарыңыздың санын көбейтуге тырысасыз.**

Мамандық дегеніміз- адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін, материалдық не рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысының жиынтығы. Ал, мамандықты дұрыс таңдай білген адам өз өміріне риза болып, еңбегінен ләззәт алып, әр күнін шаттықпен, бақытпен өткізеді.



Психогеометриялық тест





Мейірімділік алаңы





Таңдаған мамандықтарыңыз
болашақтарыңызды жарқын қылып,
бақытты болуларыңызға септігін
тигізсін деген ниетпен Аймереке
Сматқызы.

Абай Құнанбаев атындағы ЖОББМ
психологі. 2011-2012 о.ж.

